

**Электронды үкімет.
Egov.kz сайтының қызметі.**

ЖОСПАР

- *Электронды үкіметтің пайда болуы*
- *Электронды үкіметтің дамуы*
- *Электронды үкімет дегеніміз..*
- *EGOV.KZ. Порталы арқылы «ДӘРІГЕРДІҢ ҚАБЫЛДАУЫНА ЖАЗЫЛУ» ҚЫЗМЕТІНІҢ НҰСҚАМАСЫ*
- *Қорытынды*

Электронды үкіметтің пайда болуы

Қазақстан Республикасында «Электронды үкіметті» қалыптастыру мемлекеттік басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтің бастамасы бойынша қолға алынды. Е-үкіметті енгізу бағдарламасы 2004 жылы 10-қарашада Президенттің жарлығымен бекітілді. 2006 жылы сәуірде «электрондық үкіметтің» www.egov.kz порталы іске қосылды.



Электронды үкіметтің дамуы

I кезең. Ақпараттық

II кезең. Интерактивтік

III кезең. Транзакциялық



Электрондық үкімет инфрақұрылымы аясында жеке және заңды тұлғаларға 2000-нан астам ақпараттық, 236 интерактивтік және транзакциялық қызметтер, олардың 108-і «электрондық лицензиялау», 108-і «Электрондық үкімет» порталдары арқылы ұсынылуда





Азаматтар арасында үлкен сұранысқа ие мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру шаралары өз шарасын табатын болады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әлеуметтік – маңызды қызметтердің 60% - ы 2012 жылдың соңына дейін, ал 2014 жылға дейін 100% электрондық нұсқаға көшуі тиіс.



e.gov

Қазақстан
Республикасының
Электрондық үкіметі

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

- «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – Портал) – барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін құрайтын ақпараттық жүйе;
- Порталдың құрауыштары – жекелеген электрондық қызметтер, ақпарат және (немесе) сервистерді ұсынуға мамандандырылған Порталдың бөліктері;

- Портал және оның құрауыштарының иесі - ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган;
- Портал және оның құрауыштарының пайдаланушысы – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында оған қажетті интерактивтік мемлекеттік қызметтер немесе ақпарат, электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін Портал және оның құрауыштары қолданатын, Порталда және оның құрауыштарында тіркелген осы Келісімнің талаптарын қабылдаған кез келген жеке немесе заңды тұлға;



- қысқа мәтіндік хабарлама (бұдан әрі – SMS-хабарлама) – ұялы байланыс арқылы ақпаратты беру және қабылдау бойынша ұялы байланыс операторымен көрсетілетін қызмет;
- «мобильдік үкімет» - Портал құрауышы, – ұялы байланыс технологиялары және Интернет арқылы электрондық нысанда көрсетілетін қызметтерге және өзге қызметтерге қолжетімділікті ұсынатын ақпараттық жүйе;
- PUSH – мобильдік **телефонның** экранында пайда болып, маңызды оқиғалар мен жаңартулар туралы хабарлайтын «мобильдік үкімет» пайдаланушыларының мобильді қосымшасының қысқаша шығатын хабарламалары;



Электронды үкімет дегеніміз – мемлекет атқаратын барлық қызметтер мен функциялардың электронды түрі. Электрондық Үкіметтің іс – әрекетінің қызмет ету тетігі ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға негізделген және азаматтар мен ұйымдарға барынша қызмет көрсетуге бағытталған.



- Бұдан былай дәрігерге жазылу, үйге шақыру сынды қызметтерді үйден шықпай-ақ ғаламтор арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Бұл үшін кез келген азаматтың электронды кілті болуы керек.
- Сол арқылы «egov» порталына кіріп, медициналық қызметтер бағытын таңдап, қажетті көмекті ала аласыз. Сондай-ақ, әр азамат интернеттегі қызметті алу үшін жеке сәйкестік нөмірін де білуі қажет. Өйткені медициналық мекемелерде азаматтарға көрсетілетін қызметтер тек осы жеке куәліктегі сандар тізбегіне байланысты көрсетіледі.
- Қазір Шымкент қаласындағы барлық емханаларда «egov» порталы бойынша жұмыс істеу қолға алына бастады. Алайда, емделушілер арасында әзірге электронды қызметті қолданушылардың қатары сирек.

«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ» ПОРТАЛЫ (WWW.EGOV.KZ) – МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНЕ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

«Электрондық үкімет» порталы ([www.egov/kz](http://www.egov.kz)) – мемлекеттік органдар қызметіне онлайн режимде қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Электрондық бақылау іс жүргізу Қазақстан Республикасы сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесі (БААТЖ) бағдарламасының тұтас бағдарламалық бөлшегі болып табылады

Басты талап, пайдаланушыда электрондық цифрлық қолтаңба болуы қажет. ЖСН-і бар Қазақстан Республикасының кез-келген азаматы ЭЦҚ-ны алуға және пайдалануға құқылы

EGOV.KZ. ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ «ДӘРІГЕРДІҢ ҚАБЫЛДАУЫНА ЖАЗЫЛУ» ҚЫЗМЕТІНІҢ НҰСҚАМАСЫ

egov.kz. порталы арқылы «Дәрігердің қабылдауына жазылу» қызметінің нұсқамасы

Дәрігердің қабылдауына электрондық үкімет порталы арқылы жазылу үшін мыналар қажет:

- 1. egov.kz сайтына кіру
- 2.«Денсаулық сақтау»қосымша бетін таңдап, «Денсаулық сақтау» бетіне көшу жасалынады;
- 3.«Денсаулық сақтау» бетінде «Дәрігердің қабылдауына жазылу» тармағын таңдаңдар; ;
- 4.Кейін « Онлайн қызметіне тапсырыс беру» түймешігіне басу;
- 5.Сізге авторластыру ұсынылады;
- 6.Егер Сіз тіркелмеген болсаңыз, онда «Тіркелу» сілтемесіне өтіңіз;

- Келісім-шартпен танысуыңыз қажет, содан соң тіркелудің ұсынылған нұсқаларын таңдаңыз;
- Электрондық үкіметі арқылы ЭТО-сыз уақытша тіркелуге болады. Тіркелу үшін ЖИН, құжаттың нөмірі және туған күні қажет.
- Егер Сіз тіркелуде тұрсаңыз, онда өзіңіздің ЖИН және авторластыру үшін құпия сөзіңізді енгізіңіз.
- Кімге: өзіңізге ме, балаңызға ма қызмет көрсету керек екенін таңдаңыз;
- Кейін қабылдау күнін, қызмет пен дәрігерді, содан соң қабылдау уақытын таңдап, тапсырысты жіберіңіз

Бұл порталдың артықшылығы:

- кезек күтпей, дәрігерге жазылуға болады;
- талонды емханаға келмей интернет желісі арқылы алуға болады;
- керекті мәліметтерді портал арқылы алуға болады;
- дәрі алатын науқастар үшін қағазды тіркеуге болады.

Ал кемшіліктері:

- Интернет желісі үй жағдайында болмауы;
- Кәрі егде жастағы науқастардың интернет желісін түсінбеуі;
- ЦОН-ға тіркелмеген, кілт ашылмаған жағдайда порталға кіре алмау;
және т.с.с.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл портал бойынша тек қана медициналық көмек емес, некеге тұру мақсатында жазылу н/е сот бойынша, салық төлеу, т.б мәселелер бойынша тіркеліп тізімге еруге болады. Мысалы: тұрғылықты үйде интернет желісі болатын болса

--үйден шықпай, кезкке тұрып талон алмай;

--дәрігерге арнайы күнге арнайы уақытқа жазылуға болады

-- үйге шақыруға болады

--дәріні алу үшін үйде отырып талон алуға да мүмкіншілік бар

Ең бірінші арнайы тұрғылықты жерінен “ЦОН”-нан жеке өзіне кілт аштырып, “флешка”-ға мәліметті басып береді. Сол флешка арқылы интернет желісімен кіріп парольді теріп порталға кіру керек.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

